

"Хромтау-Алтынсарин" темір жолы бойындағы "Аққұдық" станциясының атауын "Көктау" деп өзгерту туралы

Бірлескен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2005 жылғы 4 тамыздағы N 180 шешімі мен Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2005 жылғы 4 тамыздағы N 295 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2005 жылдың 25 тамызында N 3157 тіркелді

"Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына сәйкес **облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ және облыс әкімі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Хромтау аудандық мәслихаты мен әкімдігінің, облыстық ономастика комиссиясының Хромтау ауданындағы "Хромтау-Алтынсарин" темір жолы бойындағы "Аққұдық" станциясының атауын "Көктау" станциясы деп өзгерту туралы ұсыныстары қабылдансын.

2. Осы шешім Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының қарауына ұсынылсын.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы*

Облыс әкімі